КПО компаниясы қаңтар айының 10 күні «Үздік өрт сөндіру бөлімі» және «Үздік газдан құтқару командасы» байқауының қорытындысын шығарды. Оған КПК, УКПГ-2, УКПГ-3, Пилотты қалашық, Үлкен Шаған және Атырау Терминал нысандарына қызмет көрсететін өрт сөндіру бөлімдері қатысты.

Шараның ашылу салтанатына мұнай мен газды дайындау және қайта өңдеу кешенінің бастығы (КПК) Родес Мартин Джон, өндірістік директораттан ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің бастығы Шах Суед Абид Хуссаин, УКПГ-2 бастығы О'Нилл Уоррен Джеймс, авариялық жағдайда әрекет ету тобының бастығы Александр Охрименко, азаматтық қорғаныс тобының бастығы Иванов Александр, «Өрт сөндіруші» АҚ Батыс Қазақстан облыстық филиалының директоры Кадр Бисембаев, сол сияқты, нысандардың өкілдері, КПО-ның нысандарына қызмет көрсетуші өрт сөндіру бөлімдерінің басшылары мен жеке құрамы қатысты.

Байқау қорытындысы бойынша Пилотты қалашықтағы №26 өрт сөндіру бөлімі үздік деп танылды. Өздерінің жоғары кәсіби көрсеткіштері үшін өрт сөндіру бөлімінің қызметкерлері «Өрт сөндірушінің алтын балтасы»

кәсіби символы мен сертификатқа ие болды. Марапатты өндірістік директораттың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінің бастығы Шах Суед Абид Хуссаин тапсырды.

Үздік газдан құтқару командасы аталымында №31 Өрт сөндіру бөлімі үздік атанып, оларға да сәйкесінше сертификат табыс етілді.

Шах Суед Абид Хуссаин: «2016 жылы КПО кен орнындағы кейбір нысандарда жоспарлы алдын алу жөндеу жұмыстары табысты жүргізілді. Бірлескен еңбектің нәтижесінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткіздік. Мен бұдан былай да КПО нысандарында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның алдын алу мен оны жою саласында бірлескен жұмысымызды атқара беретінімізге сенемін».

Аталған байқау КПО-ның нысандарына қызмет көрсетуші өрт сөндіру бөлімдерінің арасында жыл сайын өтеді. Байқаудың бағалау критерийлері өрт сөндіру бөлімдерінің кәсіби дайындығы, ТЖ өрт сөндірушілерінің әрекет етуі, авариялық-құтқару құрал-жабдықтарының жағдайы, нысандармен өзара бірлесу жұмыс істеу және өрттің алдын алу бойынша жұмыс жасау болып табылады.

КПО-ның Тұрақты Даму 2015 есебі үшін марапаты

Құрметті әріптестер!

Сіздерге КПО компаниясының RAEX рейтингілік агенттігі жүргізген VI жыл сайынғы байқауының 2015-жылдық есептері арасында «Үздік Тұрақты даму туралы есеп» аталымында жүлделі марапатқа ие болғаны туралы қуанышпен хабарлаймыз. Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 2016-жылдың 28 желтоқсан айында, Алматы қаласында өтті. Шара барысында Қазақстандағы жылдық есептерді жариялау тәжірибесінің зерттеулік нәтижелері ұсынылды. RAEX немесе «Эксперт РА - Қазақстан» рейтингілік агенттігі KASE Қазақстан қор биржасының қолдауымен, жыл сайын қазақстандық компаниялардың қаржылық және бейқаржылық жылдық есептерінің байқауын компаниялардың есепте ақпаратты тиімді ашып көрсетуге ықпал ету мақсатында өткізеді. 2015-жылдық есептері байқауына қатысқан 137 қазақстандық компаниялардың 14-і жүлдегер атанды. Жобаның бас жетекшісі Василий Калабиннің айтуынша: «Қазақстандағы және әлемдік тәжірибедегі корпоративтік есеп берудегі дамудың негізгі бағыттарының бірі ұйымның бейқаржылық қызметі туралы аспектілерін баяндауда талаптарды арттыру болып отыр. Сондықтан ағымдағы жылдан бастап біз компаниялардың тұрақты



даму жолындағы қызметі туралы сапалы түрде берілген ақпаратқа жаңа аталым жариялап отырмыз».

Біз 2015-жылдық есепті дайындауға ат салысқан барлық қызметкерлерді құттықтаймыз! Біздің мақсатымыз - есептіліктің сапасын арттыру болып табылады және біз 2016 жылға арналған Тұрақты даму есебін әзірлеу барысына сіздер белсене қатысады деп үміттенеміз.

Поэзия кеші рухани корек

Жыр кештерін ұйымдастыру бүгінде сирек кездеседі, есіресе біздің Ақсай сияқты шағын қалада. Сондықтан да бізде яғни Ақсайда біраздан бері жыр кештері ұйымдастырылып, өткізіліп келе жатқаны жағымды жаңалық болды.

Жыр кештерін ұйымдастыру идеясын ұсынған және өткізуді ұйымдастырып жүрген КПО қызметкері Алия Жұлбарисова. Алияның айтуынша, «бәріміз жиналып, өзіміздің сүйікті өлеңдерімізді оқу идеясы кездейсоқ келген жоқ. Мен өз әріптестерімнің арасында да, таныстарымның арасында да өлеңді сүйіп оқытындар бар екенін білетінмін. Сондықтан да менің идеямды қолдаушылар аз болған жоқ. «Арман» ресторан кешенінің басшылығы бізге «Яппи» кафе-барды ұсынды. Сонда өткен біздің алғашқы поэзия кешімізде мен өлең оқуды

ұнататындардың мен ойлағаннан да көп екенін байқап, таң қалдым».

Кезекті Поэзия кеші негізінен КПО компаниясының қызметкерлерінен құралған әртүрлі жастағы, әртүрлі мамандық иелерін жинады. Кештің тақырыбы еркін болды: сондықтан да әртүрлі тілде адамдардың қарым-қатынасы туралы, адамдар мен уақыт туралы, адамдық парыз бен соғыс туралы, өмірдің мәні жайында, адамгершілік туралы және, әрине, махаббат жайында сан алуан өлеңдер оқылды.

«Мен бізде осындай шығармашылық кештер өткізіліп жүргенін естігенде керемет әсерде болдым, - деді Руслан Касымов. - Бүгін мен күнделікті күйбең тіршіліктен босап, телефонды сөндіріп, поэзия әлеміне, философияға сүңгіп кетудің (тыңдаушы ретінде болса да), залдағы ерекше көңіл күйден өзіңе күш-жігер алудың қаншалықты маңызды екенін ұқтым. Оқылған өлеңдер тақырыбының сан алуандығына тәнті болдым, әрбір қатысушы өзі оқыған өлең авторларының шығармашылығынан өзінің жанына жақын бір нәрсе табатын болуы керек. Олардың көпшілігі өз сезімдерімен, ойларымен бөліскілері келеді, жанына жақын адамдармен сырласқылары келеді. Мен бүгін осындай тамаша кештің куәсі болдым».

«Осындай шаралар ұйымдастырылып, оған адамдардың қатысып отырғаны қандай ғанибет. Бұл дегеніңіз адамдарда шығармашылық жағынан өсуге деген ұмтылыс бар деген сөз. Бүгін біздің қоғамымызда тек қана материалдық қажеттілік қана емес, рухани-адами құндылықтар да маңызды екенін сезінудің өзі бақыт», - деп атап өтті Дамеш Бекталиева.

Сөйтіп, поэзия кеші жылы, жанға жайлы болып өтті. Қатысушылардың көбі келесі поэзия кешінде оқытын өлеңдеріне таңдау жасай бастапты.



Ширек ғасыр ел ортасында

Орал өңірінің ертеден келе жатқан басылымдарының бірі «Панорама Карачаганака» газеті өзінің ширек ғасырлық мерекесін атап өтті. Газеттің мерейтойы Қазақстан Тәуелсіздігінің мерейтойымен қатар келгені қуанышты. 25 жыл – аз ба, көп пе? Тарих көзімен қарағанда өлшеулі ғана уақыт. Ал екінші жағынан қарағанда, бұл уақыт біздің елдің тарихында үлкен із қалдырды. Бұл кезең ірі әлемдік державаның құлауы мен тәуелсіз Қазақстанның құрылуы, оның саяси және экономикалық еркіндік алу кезеңі болатын. Газеттің 1590-ден астам нөмірі Бөрлі ауданының, соның ішінде әлемдегі ең ірі мұнайгаз конденсатты кен орындарының бірі - Қарашығанақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының шын мәніндегі шежіресі десе болады.

«Панорама Карачаганака» газетін ашуды «Карачаганакагазпром» (бас директоры В.М. Казаков) мемлекеттік кәсіпорнының басшылығы ұсынды және оны 1991 жылы қараша айында өткен аймақтық кәсіподақ конференциясының қатысушылары толықтай қолдаған болатын.

Халық депутаттары Бөрлі аудандық Кеңесінің атқару комитеті газетті «Карачаганакагазпром» МК-ның еңбек ұжымының органы ретінде тіркеді және 1991 жылдың 30 желтоқсанында «Панорама Карачаганака» газетінің алғашқы нөмірі шықты. Негізгі мақсаты жеті мың жұмысшысы бар «Карачаганакагазпром» МК-ның тыныс-тіршілігін көрсету болып табылатын газеттің тиражы алғашқыда 1000 дана болып белгіленіп, ал редакторы

Олег Алексеевич Перегудов болып тағайындалды.

«Панорама Карачаганака» газеті материалдарының негізгі тақырыбы қай уақытта да әлемдегі ең ірі мұнайгаз конденсатты кен орындарының бірінің операторының жұмысын және Бөрлі ауданының әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуын кең көлемде әрі жан-жақты көрсету болды.

Қазіргі уақытта газеттің тиражы 3000 дана. Газеттің көлемі 16 бет, оның 4 беті түрлі-түсті беріледі. 2004 жылдан бері КПО-мен бірлескен «Новости Карачаганака» газеті қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде 4000 данамен шығуда және Қазақстаннан басқа, Ресей, АҚШ, Ұлыбритания және Италия елдеріне де тарауда.

Бас редактор Олег Алексеевич Перегудовты, сол сияқты «Панорама Карачаганака» газетінің барша ұжымын Бөрлі ауданының әкімі 25 жылдық мерейтойымен құттықтап, осы жылдар ішінде ауданның сүйікті газетіне айналғанын атап өтті. О.А. Перегудовқа құттықтау хат пен ескерткіш сыйлық тапсыра отырып, А.С. Халелов болашақта табыстар тіледі және оқырман қолдауына ие бола білулеріне тілектестік білдірді.

КПО-ның «Новости Карачаганака» газеті өз кезегінде «Панорама Карачаганака» газетінің шығармашылық ұжымын және оның тұрақты редакторы Олег Алексеевич Перегудовты мерейтойларымен құттықтайды, шығармашылық табыс, қызықты жарияланымдар тілейді және болашақта да бірлескен жемісті еңбек болады деп сенеді.

Ақсай қаласының 50 жылдығына.

Еңбек ардагерінің естелігі

Биылғы жылы Ақсай қаласы өзінің 50 жылдығын атап өтеді. Салыстырмалы түрде қарағанда, тамыры әлі тереңдей қоймаған біздің қаламыздың тарихы Қарашығанақ кен орнын игеру мен оның дамуымен тікелей байланысты. Сондықтан да сол жылдардың естелігі өте құнды. Кен орнында өндірісті іске қосудың ең күрделі кезеңінде көп жылдар жұмыс жасаған адамдар ортамызда.

Солардың бірі – бұрын Қарашығанақ бұрғылау жұмыстары басқармасының (КУБР) бастығы болған Николай Павлович Кобышев. Қазір ол кісі Орынбор қаласында тұрады. Өз өмірінің ең керемет жылдары деп санайтын сол бір қиын жылдар туралы ол кісі былай деп әңгімелейді.

«Министрліктің және Бүкілодақтық өндірістік бірлестік пен «Оренбурггаз» мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау жөніндегі бірлестіктің бұйрығына сәйкес Қарашығанақ басқармасы осы кен орнына жұмыс істеуге келген алғашқы бөлім болды. 1981 жылы біз өзіміздің техникалық мүмкіндіктерімізді пайдалана отырып, Қарашығанақтың жұмысын ұйымдастыру үшін аудан басшыларымен таныса бастадық. 1982 жылы аудандық комитетпен тығыз іскерлік байланыс орнаттық, ауданда бірінші хатшы Н.А. Пашко болатын, ал атқару комитетінің төрағасы К.К. Юсипов еді. Бәрі біздің жерсініп кетуімізге, осы аймақта орнығуымызға қатты көмектесті. Бұл еңбек текке кеткен жоқ, аз уақыт ішінде біздің мекеме өндіріс саласында нақты табан тіреп, өз жұмысын бастады. Бұл газ өндірісіндегі өте ірі жоба болатын, үкіметтің арнайы қаулысы бар болды, дереу кен орнын игеруге арналған материалдық қуаттылықтар ұйымдастырылды. Қазақстан станциясына барлық қажетті заттар тиелген тұтас теміржол составтары келе бастады. Ал қажетті заттар өте көп еді, өйткені тақыр жерде мүлдем жаңа сала өз жұмысын бастамақшы. Барлық вагондардың жүк құжаттарында «ерекше маңызды құрылыс» деген белгі болатын. Тұрғын үй кешендері, бұрғышыларға арналған вагондар келіп жатты.

Олардың келу кестесінің жиілігіне қарамастан, кестенің орындалуы Кеңестер Одағының басшылығы жағынан қатаң сұралатын. Бүкіл еліміз осы құрылысқа назар аударды. Біз құрылыс бастадық, әрине, ең бірінші осында Одақтың түкпір-түкпірінен келіп жатқан адамдарға арналған үйлер салдық. 1981 жылы екі бұрғылау бригадасы жұмысқа шықты, соңынан жұмыс көлемі өсе бастады, өндірістің қуаттылығы да күш ала бастады, жыл сайын жұмыс

жасап жатқандарға 3-4 бригада қосылып отырды.

Бізді тақыр далаға апарып тастады, тәулік сайын 25 вагон бұрғылау жабдықтарын алатын едік, тұрғын үй кешендерін де тұрғызып үлгеріп жаттық. Алаңқайлар мен жүк күзетін шапшаң ұйымдастыру қажет болды. Жермен де үлкен қиындықтар кездесті. Өйткені біз егістік жерлерге қарай кіріп бара жаттық. Ал кеңшарлар мен ұжымшарлар басшылары бізге басында үрке қарады, өйткені олар

бізді ауылшаруашылығына үлкен зиян келтіреді деп есептеді. Кейін, жылдар өте келе, адамдар өндірістік бірлестіктермен бірлесе жұмыс жасау екіжақты пайдалы болуы мүмкін екендігіне көз жеткізгеннен кейін ғана көзқарас өзгерді.

Соңынан біз іскерлік байланыстар орнаттық, кен орны үшін қосалқы шаруашылық аштық, көршілес ауылдарға көмектесе бастадық. 700 бас шошқасы бар қоражай, қаншама ірі қара ұстадық. Яғни, біз қалай болғанда да ауыл шаруашылығына үлес қостық. Халықтық бақылау комитеті, мемлекеттік органдар өз жұмысын жасады, жер туралы заңнамалардың орындалуы бойынша

талаптар қатаң талап етілді. Өйткені елдің басты байлығы – жер екенін бәрі түсінді және біздерге, өндіріс адамдарына, жерге құрметпен қарауды ұсынды, біз бұл ұсыныстың үдесінен шыға білдік. Ең алдымен біз тұрғын үйлер кешенін тұрғыздық. Өйткені келіп жатқан ИТҚ-ге, бұрғышыларға тұрғын жай керек болды. Ал Ақсайда маман тапшы еді. Жұрттар вахталық әдіспен жұмыс жасады. Олар бір жерде тұрулары керек қой. Содан кейін барып бұрғылау базасын сала бастадық. Құрылысшылар үлгермей жатты, осы кезде үкімет шетелдік мамандарды тарту туралы шешім қабылдады. Көмекке Чехословакиядан және Германия демократиялық республикасынан құрылысшылар, Шығыс Германиядан бұрғышылар бригадасы келді. Әуақытта әртүрлі 3-4 бригада да жұмыс жасап кетті. Оншақты бригада Өзбекстаннан келіп жасады. Сөйтіп біз алдымызға қойылған бұрғылау құрылысы бойынша міндеттерді осылай шештік.

Кейіннен Одақтың ыдырауы жаңа басталып, әр республика өз алдына бөліне бастаған кезде, ӨБТК жасалар алдында біз, құрамында 12 адам бар делегация, Қазақстаннан 3 айға Англияға оқуға бардық. Қарашығанақ дегеннің не екенін білетін шетелдік мамандар сонда бізге: «Бұл – мұнай-газдың інжу-маржаны» - деген болатын. Әрине, осы кен орнын игеруге тікелей қатысы бар бізге бұл сөздер үлкен әсер етті.

Ал енді Қарашығанақ туралы айтатын болсам, мен маман ретінде ғаламат жобаға қатыстым деп санаймын. Біз мұнда жұмыс жасап үйрендік, бұл кен орны терең ұңғымаларды бұрғылаудың тамаша мектебі. Сол кездегі Одақ бойынша 5 мың 300 метр тереңдікте ұңғымаларды бұрғылау қойылған жалғыз кен орны осы болатын. Жылына 40 ұңғымаға дейін, ал геологтарды қосқанда 50 ұңғымаға дейін бұрғылап, пайдалануға беріп жүрдік. Бұл күкіртсутегімен жұмыс тәжірибесі, өндіріс мәдениетін үйрену. Өздерінің бай тәжірибелерімен бөліскен немістерден де көп үйрендік. Менің көкірегімде сол кездерге деген сағыныш қап қойды. Мен шын беріле жұмыс жасадым, отбасыммен сонда тұрдым, жалынды жастық шағымды, өмірімнің ең бір жақсы кезеңін осы кен орнына арнадым. Сондықтан бұл жер мен үшін кезекті жұмыс орны емес, ерекше жер, менің жастық шағым».



жаңалықтары

КПО-ның бас директоры Ренато Мароли барлық өндірістік қызметкерлерге өткен жылдың соңында КПО-да өткен ТҚ жөніндегі кезектен тыс жиналысқа қатысқандары үшін алғыс айтты.

2017 жылдың 15 қаңтарында КПО компаниясы маңызды белеске қол жеткізді: Каспий Тұрба желісі Консорциумына (КТК) КПО компаниясы тиеу операциясын бастаған 2004 жылдан бері 100 миллионнан астам тонна қоспасын тиеді.

КПО компаниясы ҚҚК, УКПГ-2, УКПГ-3 нысандарына, Пилоттық қалашық, Үлкен Шаған мен Атырау Терминалына қызмет көрсетуші өрт сөндіру бөлімдері қатысқан «Үздік өрт сөндіру бөлімі» және «Үздік газдан құтқару командасы» байқауларының қорытындысын шығарды.

КПО компаниясының корпоративтік байланыстар бөлімі RAEX рейтинг агенттігі өткізетін Жыл сайынғы VI жылдық есеп Байқауының қорытындысы бойынша 2015 жылғы жылдық есеп үшін КПО компаниясының «Тұрақты даму жөніндегі үздік есеп» аталымында марапатқа ие болғанын хабарлады.

Приурал селолық округінің зейнеткерлері КПО компаниясына «Ақжайық» шипажайына демалуды ұйымдастырғандары үшін алғыс айтты.

КПО компаниясы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған мини-футболдан турнир өткізді. Турнирге КПО-ның әртүрлі бөлімдері мен Қарашығанақ кен орнын игеруге қатысып жатқан мердігерлік ұйымдардың командалары да қатысты.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында КПО-ның қаржылық көмегінің арқасында «Ақжайық» шипажайында 200-дей зейнеткер мен соғыс және еңбек ардагерлері демалып қайтты.



Керемет демалыс үшін алғыс айтамыз!



Біздер, Приурал ауылдық округінің зейнеткерлері, «Ақжайық» шипажайында демалыс ұйымдастырғаны үшін КПО Б.В. компаниясына алғыс айтамыз.

Белгіленген күні ауылдық округ әкімі Т.А. Райымқұловпен бірге КПО компаниясы жіберген автобустармен 14 адам көптен күткен сапарымызға аттандық. Біздің делегация құрамындағы адамдардың жасы 65-80 жас аралығында, барлығы да егде жастағы адамдар болғандықтан, КПО компаниясының қызметкерлері мен автобус жүргізушілері көрсеткен қамқорлық пен мейірімге қатты риза болдық.

«Ақжайық» шипажайының медициналық қызметкерлерінің көрсеткен қызметі мен сапалы ем-шараларын және дәмді тағамдарын да ерекше атап өткіміз келеді. Шипажайда демалған 14 күн ішінде біз түрлі медициналық ем-домдар мен ұсыныстар алдық (қыздыру, массаж, самырсын күбісі). Сонымен қатар жан тыныштығын қалпына келтіріп, көңіл көтеру мақсатында

Қала тұрғындарын қуантқан жаңалық

Жыл соңында Орал қалалық мәдениет және демалу саяжайында велосипедпен серуендеушілерге арналған веложолдар ашылды. Құрылысқа кеткен қаржыны КПО компаниясы өз мойнына алды. Веложолдардың ересек адамдарға арналған қашықтығы 2700 метр, ал бүлдіршіндерге арналған 400 метрлік кіші айналым жолдары қарастырылған. Бұл саябақ ерқашанда Орал қаласының тұрғындары мен қонақтарының сүйікті демалу орындарының бірегейі. Айта кетерлік жағдай, уақытында жазушы Лев Толстой саяжай аллеяларында серуендеген болса, ұлы әнші Федор Шаляпин өз концертінің бірін осы саяжайда өткізген екен.

Орал қаласының тұрғындары 2016 жылы веложолдардың ғана ашылуының куәгері болып қана қойған жоқ, қалалық мәдениет және демалу саябағының екінші бөлігінің де ашылу салтанатының куәгері болу бақытына ие болды. Саяжайдың оң жақ жағалауының жобасы ойдағыдай аяқталатыны күмәнсіз. Оған қала әкімінің орынбасары Алтынбек Кайсағалиевтің сөздері дәлел бола алады. Ол құрылыс жұмыстарының 2015

әр түрлі ойын-сауық шаралары ұйымдастырылды. Шипажайға біздер жайлы орналастық, егде адамдар үшін тәулік бойы жақсы күтім көрсетілді.

Біздердің алдымызда концерттік бағдарламаларымен Дарьинск ауылдық округінің көркемөнерпаздары, мәдени-көпшілік шараларға жауапты шипажай қызметкерлері өнер көрсетіп, біздер үшін демалыс кешін, ұжымдық туған күн кештерін ұйымдастырды. Біз барлық шараларға қуана қатысып, би билеп, ән шырқадық. Белсенді қатысушылар шипажай әкімшілігінің атынан мақтау қағаздарымен марапатталды.

Біз үшін ең бастысы - жақсарған денсаулығымыз бен көтеріңкі көңіл-күйіміз. Бұған «Ақжайық» шипажайының барлық қызметкерлері мен әкімшілігінің, КПО компаниясы мен медицина қызметкерлерінің қамқорлығы мен ықыласының көп ықпалы болды. Керемет демалыс үшін алғыс айтамыз!

жылы басталғанын да айта кетті. Құрылыстың бастапқы жұмысына 214 млн. тенге жұмсалған. Нысан пайдалануға берілді, комиссия қабылдап алды және барлық талаптар мен стандарттарға сай келеді.

Құны 251 млн. теңгені құрайтын саябақтың екінші бөлігінің жобасы бойынша саябаққа қосалқы электржеткізгіш тораптары жүргізіледі, қоршаулар қойылған, жарық пен су құбырлары жүргізілген. Жасыл желектендіру мақсатында талдар мен теректер отырғызылады, ал отырғызылғандарынан саяжолдар жасалады. Ары қарай осы жобаға кәсіпкерлер қосылып, саябақтың оң жақ бөлігі қала тұрғындарының қуанышына кең кеудесімен тыныс ала бастайды. Веложолдар салтанатты түрде ашылуымен алғашқы жарыс ұйымдастырылды. Спортқа дарынды балалардың облыстық арнайы мектеп-интернатының өкілі – спорт шебері үміткері Николай Карлукхун алғашқы чемпион атанды, екінші орынды Бекжан Балғабаев иеленді, ал үшінші орынға Илья Герасимов тұрақтады, екеуі де велоспорт мектебінен.

Зейнеткерлердің «Ақжайық» шипажайына сапары

Өткен жылы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында КПО компаниясының қаржылай көмегінің арқасында 200-ге жуық соғыс және еңбек ардагерлері «Ақжайық» шипажайында демалып келді.

Берлі ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Валентин Юннің сөзімен айтсақ: «КПО компаниясы аға буын өкілдерін үнемі қолдап келеді. «Ақжайық» шипажайында демалу біз үшін ең керемет сыйлық болды».

28 қараша мен 1 желтоқсан аралығында шипажайда 70 зейнеткер демалған болса, олардың 45-і Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнына жақын орналасқан 8 елді мекеннің тұрғындары.

Осы екі апта ішінде зейнеткерлер жақсы демалып, өз денсаулықтарын түзеп қана қоймай, өз ауданының көптеген адамдарымен танысты. Көптеген қызықты сұхбаттар, ән, би кештері болды. Жарсуат ауылдық округінен келген зейнеткер Маржантаз Көшербаева: «Өз атымнан және барлық демалушылардың атынан КПО компаниясына осындай жаңажылдық сыйлығы үшін зор алғыс білдіріп, баршаңызға денсаулық тілеймін», - деді.

«КПО компаниясына алғысымды білдіремін, рахмет! Еңбектеріңіз жана берсін. Мен кеше 70 жасқа толдым, мені барлығы құттықтап, жақсы кеш ұйымдастырды. Ән шырқап, көңіл көтердік. Бар жағдайымызды жасап, егде адамдарға құрмет көрсетіп жатырсыздар. Алғысымыз шексіз», - деп Березов ауылының тұрғыны, зейнеткер



Жұмақас Имашева да өз ойын жеткізді.

Айта кетерлігі, Қарашығанақ кен орнына таяу орналасқан ауылдардың зейнеткерлерін шипажайларда емдеп, сауықтыру жергілікті халықты әлеуметтік қолдау шеңберінде жүзеге асырылып жатқан ең басты бағыттардың бірі болып табылады. 2016 жылы КПО компаниясының қаржылық қолдауының арқасында «Ақжайық» шипажайында Берлі ауданының 200-ден астам зейнеткерлері мен ҰОС ардагерлері демалды.

«Крещение» мерекесі күнгі су - емдік су

Қаңтар айының 18-нен 19-ына қараған түнде православандықтар әлемі "Крещение Господне" күнін атап өтеді. Бұл мереке дәстүр бойынша арнайы дайындалған ойықтарда жаппай суға түсумен ерекшеленеді. Республикамыздың кейбір аумақтарында көптеген қазақстандықтар қақаған қысқа қарамастан өзендердегі мұз ойықтарына секіріп жатады.

Бұл жолы да аталған мерекені оралдықтар аздаған аязға қарамастан кең құлашты атап өтті. Мереке адамдарды біріктіреді, оларды тазалыққа үндейді, өз әрекеттерін қайта ой елегінен өткізуге көмектеседі делінеді. Таң атысымен оралдықтар Орал, Шаған және Деркул өзендерінен арнайы белгіленген жерлерден су алуға асықты. Су алып, суға түсіп жатқандарға қолдау айтып тұрды, кейде өздері де шешініп жіберіп суға үш реттен сүңгіп шығып жатты.

Мереке кезінде Архангел Михаил соборының қасынан Жайық өзенінен су алуға, суға шомылуға ойықтар ойылып қойылған. Оралдың және Атыраудың архиепископы, владыка Анатолий крестті суға салып, дұға оқыды. Шіркеудің қоңырау үні салтанатқа сән бергендей. Осыларды жасап болғаннан кейін су қасиетті деп саналады. Суға шомылып шыққан әрбір адам күнәсінен арылған болып есептеледі. Сол күні ұлтына, жасына, жынысына, дініне және аздаған аязға қарамастан суға түскісі келгендердің бәрі түсіп шықты деуге болады.

Осы күні су ерекше бір құдіретке ие деп есептеледі. Осы құдіретті суды біреу шелекке, біреу бидонға, әртүрлі ыдыстарға толтырып алуға тырысады. Сөйтіп оны ауырып қалғанда, не көңілің түскенде ішу ұсынылады. Жарақатты осы сумен емдеп, үйдің әрбір бұрышын аластайды. Дінге

сенетіндер үшін бұл күнгі судың ерекше емдік қасиеті бар.

Бұл күні Батыс Қазақстан облысының Берлі ауданының Ақсай қаласы тұрғындары да осы мерекеден тыс қалған жоқ. Қаламыздың жүздеген тұрғыны мұздай суға түсіп шықты, оның ішінде тек қана христиандар ғана емес, неше жылдан бері ауа райының қандай жағдайында да суға секіріп жүрген мұсылмандар да бар. Әрбір ойықтағы суға түсуші үш рет басына дейін батырып мұздай суға сүңгісе, қасиетті су ауруынан, күнәсінен айықтырады деп шын сенулері керек.

Жыл сайын қаланың ар жағындағы Утва өзенінде арнайы ойықта жалпы суға түсу өтеді. Қауіпсіздік сақтау мақсатында, қажет жағдайда тез көмекке келу үшін суға түсушілерді жергілікті ТЖ қызметкерлері бақылап тұрды. Бақытымызға қарай, бұндай көмектің қажеттілігі өзирге туындаған емес. Ойықты қоршап, адамдарға жайлап түсіп, суға сүңгіп қайта шығуға ыңғайлы, әрі жеңіл болу үшін арнайы басқыш жасап қойған. Әрбір суға түсушінің қасында бір ТЖ қызметкері оның қолына арқан байлап түсіріп, шығуын қадағалап тұрды. Бұдан басқа сол қасиетті түнде Утва өзенінде құтқарушылардан басқа, полицейлер мен жедел жәрдем бригадалары кезекшілікте болды.

Биылғы жылы да жылдағыдай Утва өзеніне адам көп жиналды. Біреулер суға түсуді алдына мақсат етіп қойып келсе, енді біреулер тек қарау үшін, немесе жұртпен бірге сүңгіп шығу үшін келгендер. Мұздай суға сүңгіп шыққан әрбір адам ерекше бір күш-қуатты сезінеді. Бұл бір өзгеше сезіну. Дәстүр бойынша суға түсуші үш рет басымен суға сүңгіп, жоғарыдан тілегін қабыл етуді сұрайды.



Ақсай: қысқаша тарих

Өткен жылдың басында қазіргі Ақсай қаласының орнында Ресейдің еуропалық бөлігінен көшіп келгендер негізін қалаған Новогоргиевск поселкесі болған. Ал 1915 жылы орталықтан Орта Азияға жолды едәуір қысқартатын ұзындығы 265 шақырым Орал - Соль-Илецк темір жол учаскесінің құрылысы басталуына байланысты поселкенің аты Қазақстан деп өзгертілді.

Алғашқы дүние жүзілік соғыс және азаматтық соғыс, айнала қирау аумақтың дамуын біразға дейін кешеуілдетті. Тек 30-жылдарда ғана елімізде индустриализацияландыру басталысымен темір жол құрылысын аяқтауға күш тауып, қаржы табылды. Қазақстан станциясының құрылысы басталды, паровоз депосының, вагондарды техникалық жағынан тексеру пунктінің, электр станциясының, көмір қоймасының, сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы басталды. Сонымен қатар теміржолшыларға арналған тұрғын үйлер тұрғызыла бастады. 16 ағаш және 4 тас үй салынды. 1933 жылы теміржол ауруханасы мен №46 мектеп (соңынан №523, №69, қазір №5) салынды. 1936 жылы теміржол құрылысының аяқталуына және Бөрлі ауданының құрылуына байланысты Қазақстан станциясына астық қабылдау пункті көшірілді. 1940 жылы №45 темір жол сәбилер бақшасы пайдалануға берілді. 1940 жылы Қазақстан станциясы қала типтес поселок деп өзгертілді.

50-інші жылдардың басында тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты жаңа кезең бастал-

ды. Ауыл шаруашылық өндірісінің ұлғаюы астықты сақтау мен өңдеу көлемінің ұлғаюын талап етті. 1958 жылы бұрын Қазақстанда болмаған элеватордың құрылысы басталды. Нысанның құрылысында мың жарым адамға дейін жұмыс істеді. Құрылысқа бүкілодақтық маңыз берілді және заманауи техникамен қамтамасыз етілді. Қатарласа элеуметтік нысандар да салына бастады - 1956 жылы №1 ОМ ашылды, ал 1962 жылы 60 оқушыға арналған алғашқы саз мектебі жұмысын бастады. Поселкенің әкімшілік мәртебесі де өзгерді, Бөрлі және Шыңғырлау аудандарының қосылуына орай

Қазақстан қала типтес поселкесі 1963 жылы аудан орталығына айналды. Жаңа аудан орталығында әкімшілік ғимараттары, аудандық аурухана, «Октябрь» және «Дружба» кинотеатрлары, Совет көшесіндегі 4 қабатты үй және басқа да нысандар салына бастады, жеке тұрғын үйлер құрылысы белсенді жүргізіле бастады, тұрғындар саны көбейді. Қазақстан поселкесінің күрт даму үстіндегі аумақтың элеуметтік-экономикалық орталығы болып келе жатқанын ескере отырып, Қазақ ССР-сы Жоғары Кеңес Президиумы Қазақстан қала типтес поселкесінің атауын аудандық бағыныштылықтағы Ақсай қаласы деп 1967 жылы 29 шілдеде №263-7 Өкімімен өзгертті. Жаңа қалаға атау беру аудандық билік органдары мен жергілікті тұрғындардың ұсынысын ескере отырып қабылданды. Ақсайға қала мәртебесінің берілуі оның дамуына жаңа серпін берді. Аудан радиофирмен бірге телехабарларды да қабылдай алатын болды, ол үшін арнайы телетрансляциялық мұнара тұрғызылды. Телефон байланысы жетілдірілді, 500 нөмірлік АТС енгізілді. Жаңа дүкендер ашылып, әмбебап дүкен тұрғызылды, 580 адамдық залы бар Мәдениет үйі, СПТУ-15 кешені салынды.

Ал 80-інші жылдардың ортасында Ақсай қаласының тарихында Қарашығанақ мұнайгаз конденсатты кен орнын игеруге байланысты жаңа кезең басталды. Кен

орнында салынып жатқан өндірістік нысандардың құрылысымен қатар, Ақсай қаласында өндірістік база, инженерлік желілер, коммуникациялар құрылыстары жүзеге аса бастады. Өндірістік аймақтың жайландырылуымен қатар Ақсайда элеуметтік маңызды нысандар белсенді салына бастады. Өндірістік болсын, элеуметтік-тұрмыстық болсын құрылыс жұмыстарына Болгарияның, Чехословакияның және Германияның мамандары да қатысты. Кезінде шетелдік мамандар салған 4, 5 және 10 шағын аудандар Ақсай қаласының көркіне бір ерекшілік беріп тұр. №3 және №4 екі заманауи мектеп салынды, соңынан №6 салынды. Өр мектептегі оқушылар саны 2000-нан асады. №№5, 7, 8, 9, 12 бала бақшалары салынды. Балалардың өнер мектебі, «Трнава» және «Қазақстан» сауда орталықтары, автовокзал, сүт және нан зауыттары, «Сары Арка» сауықтыру кешені, «Қарашығанақ» қонақ үйі, «Арман» ойын-сауық кешені, муниципальды базар, мешіт, шіркеу. Жылдар өткен сайын көшелері де жаңара бастады, Абай, Достық-Дружба даңғылдары қаланың сәніне айналды. Қазіргі таңда жеке тұрғын үйлер қанат жая бастады. Қалаға екі шағын аудан қосылды – Аралтал және Кызылтал. Өткен жылдардың жақсы сақталған естеліктері мен бүгінгінің жарқын белгілерінің үйлесім табуы қаламыздың ерекше тартымдылығының себептерінің бірі.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне арналған турнир

Соңғы бірнеше айда КПО компаниясында шағын футбол, үстел теннисі, күрес, бадминтон сынды бірнеше спорт түрлерінен турнир өткізілді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған шағын футболдан өткен турнир ең қызықты болды. Турнирге КПО компаниясының әр түрлі бөлімдерінен ғана емес, сонымен қатар Қарашығанақ кен орнында жұмыс жасап жатқан мердігер ұйымдар да қатысты. Турнирдің ашылуында КПО компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ бірлестігінің төрағасы Максим Асанов құттықтау сөз сөйлеп, Ауған соғысының ардагерлер қоғамының өкілдері де өз тілектерін білдірді. Олар спортшыларға сәттілік пен еңбекте табыс, барлық жақсылықтарды тіледі.

Турнирге 14 команда қатысып, барлық командалар төрт топқа бөлінді. Табанды күрестің нәтижесінде бірінші орынды команда капитаны Охрименко Андрей бастаған «Құрылыс бөлімі» командасы жеңіп алды. Екінші орынды команда капитаны Кусманов Исмаил болған «Еңбек Ресурсы» командасы, үшінші орынды Кинжепов Қанат бастаған «КИОС» командасы еншіледі.

Атап өтерлігі, жалпы жобалау бойынша құрылыс бөлімі бұған дейін де бірнеше турнирлардың жеңімпазы болған еді. Бұрын Чех қалашығындағы спорт залында жыл сайын шағын футболдан «КПО-ның қысқы лигасы» өткізіліп тұратын. Сол турнирде де «Құрылыс бөлімі» командасы жеңімпаз атанған болатын.

Каратэшілер өз шеберліктерін көрсетті

Ақсай қаласының 3 мектебінде 14-16 қаңтар аралығында каратэден аудандық ашық чемпионат өтті. Аудандық деңгейдегі спорттық шара екендігіне қарамастан чемпионатқа БҚО мен Ресейден де командалар қатысты.

Кумертау қаласының (Башкортостан) командасы, Орал қаласының 2 командасы және Бөрлі ауданының 57 спортшысы қатысты. Барлығы чемпионатқа 23 категория бойынша 140 спортшы қатысты.

- Жарыстың мақсаты мен міндеті – салауатты өмір салтын насихаттау, каратэ до-ны жастар арасында кең тарату, жастардың спорттық шеберлік деңгейін арттыру мен каратэ до-дан Бөрлі ауданының құрама командасын БҚО облыстық чемпионатына қатысу үшін жасақтау, – деп атап көрсетті ақсайлық каратистердің тренері, аталған чемпионатты ұйымдастырушыларының бірі Жанболат Губайдуллин.

Чемпионаттың ашылу салтанатына Бөрлі аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы К.А. Насипов, шито рю каратэ до-дан БҚО федерациясының вице-президенті А.А. Каримов, Ақсай қаласының №3 ЖББМ директоры Н.А. Шиганакова, Бөрлі БЖСМ директорының орынбасары Е.С. Масалимов, «Ақсай» спорт кешенінің директоры И.Т. Карабаевтар қатысты. «Ақжұлдыз» (жетекшісі Л. Морозова) спорттық би клубының бишілері әдемі билерімен ашылу салтанатын көркемдеп берді.

Сол сияқты ашылу салтанатында шито рю каратэ до-дан түрлі түсті белбеулерге Бөрлі ауданының 52 спортшысына және Оралдың «Евразия» клубының спортшыларына салтанатты түрде халықаралық сертификат табыс етілді.

Жарыстың бас төрешісі Жанболат Губайдуллин (Ақсай қ.), бас хатшысы - Павел Санин (Кумертау қ.) болды.

Message from the General Director to all KPO employees



Dear colleagues,
With this note, I would like to thank all the operational personnel for their involvement in the recent KPO Safety Stand Down event.
Around 1000 KPO and Contractor personnel attended stand-downs between 16-20 December. Antonio Baldassare, of Eni, joined at three sites, to share with us two recent serious incidents in Eni. We were asked to pause and consider that a routine operation does not mean they are low risk operations.
Even if we have done a task many times, we must be careful to look out for things that may have changed.
We must be ready to stop, think, and make sure we are working safely every time.
I asked you all to consider another activity we may see as routine: driving and being a passenger in vehicles. Everyone has a right, and a duty, to make sure they are travelling safely, and to intervene if a vehicle is not in good condition, or is driven unsafely.
Stand Downs are an opportunity to come together and reflect on how important it is that we look after the safety of our colleagues and ourselves.
We all must:
Follow our Life Savers;
Intervene when we see something unsafe;
Report hazards;
Think Am I doing the job safely?
Check that others understand the job.
Together we can achieve our goal zero incidents.
Once again, I would like to thank you for your commitment to safety and encourage you to strive for a safe behaviour and to prevent injuries and incidents.

Renato Maroli
General Director

New Legal Director appointed at KPO

KPO General Director Renato Maroli has announced the appointment of Matteo Grassani to the position of KPO Legal Director.

Matteo has an extensive international experience in the area of Legal Management. His last appointment was Head of Legal Department, Shell Kazakhstan. Over the past few years he has occupied a number of senior positions in the industry, including Head of Legal & Compliance (Milan, Italy). Matteo is a member of Editorial Board of the International In-House Counsel Journal and Practising Solicitor.

"I am confident that his valuable experience and strong managerial skills will contribute both to the development of the Legal Directorate and the overall efficiency of our company".

"Please join me in extending a cordial welcome to Matteo and wishing him success in this new role", said Renato Maroli.



Editorial board of "Karachaganak News" magazine also congratulates Matteo with his appointment and wishes him all the best and good luck in his new assignment.

Congratulation with excellent performance



Recently, Luciano Carcaiso, KPO Human Resources Controller, on behalf of the Management, General Director and the shareholders of KPO, has congratulated all KPO employees for their excellent performances achieved in 2016.

Addressing all KPO employees Luciano noted: "The success of our Company wouldn't have been possible without contribution of every single employee. On behalf of KPO management I would like to thank you all, congratulate and celebrate our success and the achievements so far. We strongly believe that KPO will make even more progress in the current year; so the commitment of everybody is fundamental for a productive contribution by putting in place safe behaviours".

"I wish to pass again to all of you the gratitude of the Management which is honoured to lead such a magnificent team" added Luciano.

KPO reached an important milestone

Karachaganak Petroleum Operating B.V. (KPO) is pleased to announce that on 15 January 2017 KPO reached an important milestone: KPO loaded the 100-million ton of hydrocarbon Blend on Caspian Pipeline Consortium (CPC) since the start of the KPO's loading operations in 2004.

Congratulating all KPO employees, KPO General Director Renato said: "It is an important achievement for the whole

KPO team, which was reached in a safe and environmentally sound manner."

CPC created in 1992 and it is the largest international oil transportation project involving Russia, Kazakhstan, as well as the world's leading mining companies, created for the construction and operation of pipeline stretching over 1.5 thousand. km.





KPO Award for Sustainability Report 2015

KPO Corporate Affairs department is pleased to inform about "The Best Sustainability Report" Award received by KPO at the VI Contest of Annual Reports 2015 conducted by the RAEX Rating Agency.

The award ceremony took place on 28 December, 2016 in Almaty. In the course of the event the results of analysis of the annual reports' publication practice in Kazakhstan were presented.

The RAEX Rating Agency or "Expert RA - Kazakhstan" conducts an annual contest of financial and non-financial reports with the aim to facilitate effective disclosure of information in annual reports issued in Kazakhstan. The contest is organised with the support of the Kazakhstan Stock Exchange (KASE).

14 companies became the prize winners out of the 137 Kazakh companies that participated in this contest. According to the Project Manager Vassily Kalabin, "one of the main trends in the development of corporate reporting, both in

Kazakhstan and in the world, is the increasing requirement to report on the organisation's non-financial aspects. That is why this year we have opened a new nomination for the qualitative disclosure of performance results in the area of sustainable development."

KPO's Sustainability Report is a report on the activities of the company, which provides detailed information in the fields of ecology, economics, corporate governance and the social sphere. They reflect the social and environmental aspects of KPO activities significant for the company, its shareholders and all the employees.

KPO Corporate Affairs department would like to thank all the employees who participated in the preparation of the report for the year 2015! We are committed to improving the quality of KPO public reporting and look forward to your active engagement in the preparation of the new Sustainability Report 2016!

Social projects to be realized in WKO

Owing to KPO's social investments, Western Kazakhstan oblast (WKO) administration plans to repair 19 roads, to build one school, and two sports complexes in the region. It is expected that most of these social projects will be realized in the city of Uralsk which is regional center of WKO.

It is expected that in 2017, KPO will finance the construction, repair and design of 32 civil projects in West Kazakhstan region. Nine of these objects are located in the Burlin district of WKO.

This year it is also planned the construction of the sports and recreation complex will be continued in Aksai. The same sports and wellness complex is planned to be built in Burlin village. Among other important social projects to be implemented by KPO in Aksai is the complete overhaul of Aksai high school №3 which accommodates 1060 children.



KPO announced contest results

On 10 January, 2017 KPO announced the results of "The Best Fire Station" and "The best emergency rescue team" annual contest. The contest was participated by fire stations from KPC, Unit-2, Unit-3, Pilot Camp, OPS Bolshoi Chagan and Atyrau Terminal.

The awarding ceremony was attended by Martin John Rhodes, KPC Plant Manager, Syed Abid Hussain Shah, Operations HSE Manager, Warren James O'Neill, Unit-2 Manager Alexander Okhrimenko, Emergency Response Team Leader, Alexandr Ivanov, Civil Defence Team Leader, Kadr Bissembayev, Director of the WKO Fire-Fighting Service (JSC Ort Sondirushi) as well as the representatives of the facilities, management and personnel of the field Fire Stations.

Following the contest's results, the Fire Station No. 26 based in Pilot Camp was found the best. For their high professional performance, the professional symbol "Firefighter's Golden Axe" and a Certificate were awarded to the employees of the Fire Station. "The Firefighter's Golden

Axe" Award was presented by KPO Operations HSE Manager Syed Abid Hussain Shah.

Fire station №31 became a winner under the notion of the best emergency rescue team and was awarded with a certificate.

Syed Abid Hussain Shah noted: "In 2016 separate KPO facilities in the field underwent shutdown. Due to concerted efforts, we managed to reach high HSE performance. I hope that we will continue our further effective co-operation in ensuring fire safety, preventing and eliminating emergencies at KPO facilities".

Each year this competition is conducted amongst the Fire Stations that support KPC, Unit-2, Unit-3, Pilot Camp, OPS Bolshoi Chagan and Atyrau Terminal. Evaluation criteria for the contest are the following: level of professional training of fire fighters, level of emergency response and performance, condition of emergency equipment, level of interaction between the locations and level of fire prevention.



Aksai residents celebrate Epiphany Day

On the night of 18 to 19 January Orthodox world celebrates "Epiphany". This holiday is traditionally accompanied by a mass swimming in ice-cold water. Usually the people dive into the icy hole, despite severe weather conditions in some parts of the country.



It is believed that these days water is particularly effective and healthy. In addition, holy water is filled in canisters, glass jars and cans by people. It is advised to keep this water in case of sickness or mental anguish. It treats the wounds, and blesses each corner of the shelter. For believers Epiphany water is a healing power.

On this day, residents of Aksai also were not left behind. Hundreds of residents of Aksai and not only Christians but also Muslims participated in that event despite the cold weather. Each person before jumping into icy cold water should sincerely believe that all illnesses will wash away by

the sacred water. Traditionally, each person should plunge into the water with his head no less than three times.

Epiphany swimming in Aksai usually starts with a water blessing ceremony held by a local priest who, according to the established tradition, should arrive first at the place of the event. After being blessed by a priest it is believed that the water is able of washing away sins and cleansing the soul. As soon as the blessing ceremony is completed people are allowed to jump into the water. Safety for participants is also ensured with a stand-by attendant and ambulance.



СОБСТВЕННИК:

**НГУ «Редакция газеты «Панорама Карачаганак»
Главный редактор О.А. ПЕРЕГУДОВ**

090302 Республика Казахстан,
Западно-Казахстанская область, г. Аксай, пр. Абая, 19,
НГУ «Редакция газеты «Панорама Карачаганак»
e-mail: ngu-panorama@mail.ru
Тел./факс 31530, 34760 (бухгалтерия), 35554.

Рукописи не рецензируются и не возвращаются.
Газета зарегистрирована в Министерстве
культуры и информации РК №13628-Г от 20 мая 2013 года.
Выходит 1 раз в месяц.

Газета отпечатана в типографии
ТОО «Издательство «Золотая книга»
РК, г. Алматы, ул. Брусиловского, 194.
Тел: 8 (727) 2493045. Тираж 4000.